

Тақырып 7. “Өндіріс және өнімді өткізу шығыны”

1. Шығындардың экономикалық мәні
2. Өнімді өндіру және өткізуге кететін шығындардың жіктелуі
3. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау

Мақсаты - Студенттерді компаниялардағы шығындардың мәні, құрамы мен құрылымымен таныстыру, шығындар сметасы мен өнімнің өзіндік құнының калькуляциясын толтыру дағдысын алуға үйрету

Ең алдымен Шығындар мен шығыстардың айырмашылығы неде екенін қарастырайық.

Негізгі тұжырымдамалар

1. Шығындардың экономикалық мәні

Шығындар - бұл келешекте табыс алу немесе ұйымның басқа да мақсаттарына жету үшін пайдаланылатын ресурстардың құны.

Шығын – белгілі есептік кезеңдегі активтер мен олардың құнының азаюы негізінде экономикалық пайданың кемуі немесе меншіктік капиталдың төмендеуіне әкеп соғатын міндеттемелер (қарыздар).

2. Өнімді өндіру және өткізуге кететін шығындардың жіктелуі

Шығындардың түрлері өте көп, әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі:

Өндірістік шығындар әр түрлі белгілер бойынша топтастырылады.

- Шығынның пайда болу орны бойынша (өндірістік цех, бөлім)
- Өнім, жұмыс немесе қызмет түрлері бойынша (өндірістік шығындарға бұл жағдайда жеке немесе біртекті өнімнің топтары бойынша өнім түрлерінің өзіндік құны кіреді)

Өндіріс көлеміне байланысты:

- Айнымалы шығындар - өнім көлемінің өзгерісіне байланысты артатын немесе төмендейтін шығындар.(мыс: шикізат, негізгі материал, энергия-отын, өндірістік жұмысшылардың еңбекақысы, еңбекақыдан аударымдар)

- Тұрақты шығындар - өнім өндіру көлеміне байланыссыз шығындар. (мыс: өндірістік ғимараттарды жылыту, жарықтандыру, жалгерлік ақы, негізгі құралдардың амортизациясы және басқару аппаратының жалақысы)

Өнімнің өзіндік құнына ену әдісі бойынша– тікелей және жанама шығындар болып 2-ге бөлінеді:

- Тікелей шығындар – жеке өнім түрлерін өндіруге байланысты өзіндік құнға тікелей енетін шығындар.

- Жанама шығындар – бұл бірнеше өнім түрлерінің өндірісімен байланысты өзіндік құнға бөліну жолымен енетін шығындар.

Әрбір бөлім ішіндегі өндірістік шығындар 3 категорияға бөлінеді:

- Материалға тікелей шығындар (соңғы дайын өнім құрамына кіретін барлық материал шығындары)

- Жұмысшы күшіне тікелей шығындар – бұл белгілі бір өнімді дайындауға тікелей үздіксіз қатысатын барлық жұмысшылардың жалақысы (еңбекақыдан аударымдар кіреді)

- Үстеме шығыстар – бұл материалдар мен еңбек ақыға кететін шығындарды алып тастағандағы барлық шығындар.(амортизация, сақтандыру жарналары, коммуналдық қызметке кететін шығындар, жалгерлік ақы, өндіріс процесінің тоқтауы нәтижесінде пайда болатын шығындар, сондай – ақ өндіріске қызмет ететін негізгі, қосымша цехтардың жұмыстарын ұйымдастыруға кететін шығыстар)

3.Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау

Өзіндік құн – бір дана өнімді шығаруға кететін ресурстардың құны; негізгі құралдарды сатып алуға, салуға, жасап шығаруға, орнатуға кеткен нақты шығындардан және сатып алу барысында төленген салық сомаларынан, сондай-ақ пайдалануға беру, тағы сол сияқты кез келген негізгі құралдарды жұмыс істеу жағдайына жеткізуге қатысты шығындардан тұрады.

Тәжірибе жүзінде өнімнің өзіндік құнының 2 түрі қарастырылған.

- **Өндірістік өзіндік құн** - бұл технологиялық қажетліктерге жұмсаған материалдық шығындары, негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысына кететін шығындар және жалпы өндірістік шығындар кіреді.

- **Толық өзіндік құн** - есепті кезеңдегі коммерциялық және әкімшілік шығындар, тауар өнімінің өзіндік құнының сомасы кіреді.

Өзіндік құнның нысандары:

- жоспарлы
- нормативті
- есептік

Калькуляция - өнім немесе жартылай фабрикат бірлігінің, өндірістік шығындардың есепке алу объектісі бойынша барлық өнімнің өзіндік құнын немесе жекелеген өнім түрлерінің өзіндік құнын анықтау бойынша есептеулер.

Калькуляция түрлері:

- Алдын ала - өнімді дайындамас бұрын құрылады
- Кейінгі - бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша өнімді шығарғаннан кейін құрылады және нақты (факт) шығындарды бейнелейді.

Калькуляция баптары бойынша шығындардың топтастырылуы өнеркәсіптік салаларының ерекшеліктеріне сәйкес айырмашылықтары баолады. Сонымен қатар баптардың типтік номенклатурасы жүзеге асырылады:

1. шикізаттар мен материалдар
2. қалдықтар
3. сатып алатын өнімдер, жартылай фабрикаттар
4. технологиялық мақсаттардағы отын және энергия
5. өндірістік жұмыскерлердің еңбекақысы (негізгі, қосымша)
6. әлеуметтік сақтандыруға аударымдар
7. өндірісті дайындау және негіздеуге кететін шығындар
8. құрал жабдықтарды қалыпты ұстап тұру және оларды іске қосуға кететін шығындар

9. жалпы өндірістік шығындар
10. ахаулардан болатын жоғалтулар
11. басқа да өндірістік шығындар

Толық өзіндік құнды есептеу:

1. шикізаттар мен материалдар
2. қалдықтар (шегеріледі)
3. отын және энергия
4. еңбекақы
5. әлеуметтік аударымдар
6. жалпы өндірістік шығыстар
7. жалпы шаруашылық шығыстар
8. жалгерлік ақы
9. амортизация
10. коммерциялық шығыстар

Смета – бұл қалаған нәтижелерге жету үшін жұмсалатын түрі мен орны бойынша қажетті шығындардың мөлшерін анықтайтын ақшалай мәндегі жоспар.

Материал сыйымдылықты кәсіпорындардағы шығындардың құрылымында материалға кететін шығындар шамамен 60 %-дан жоғары.

Кәсіпорында жанама шығындар бойынша 2 проблема туындайды: қалай оларды бақылау қажет және өнім немесе қызметтің өзіндік құнына қалай жатқызу керек?

Шығындарды бөлу базасы ретінде төмендегілердің біреуі қолданылады:

- жұмысшылардың жұмыс істеу уақыты;
- құрал-жабдықтардың жұмыс уақыты;
- еңбек шығындары;
- өндірілген өнім бірлігі.

$$\text{ЖҮШ}_{\text{бөлу ставкасы}} = \frac{\text{ЖҮШ}}{\text{База}} \quad (1)$$

Мұндағы, ЖҮШ – жалпы үстеме шығыстар

Үстеме шығыстарды бөлудің біртұтас (жалпы зауыттың) және жеке (цехтың) ставкалары бар. ЖҮШ бөлудің біртұтас ставкасы кәсіпорын үшін жалпы қолданылады.

Мысалы, егер белгілі бір кезеңде үстеме шығыстар 100 000 шартты бірлік (ш.б.) болса, негізгі еңбек 50 000 сағат орындалса, онда үстеме шығыстардың бөлу ставкасы:

$$\frac{100000}{50000} = 2 \text{ ш.б}$$

Сонда үстеме шығыстар барлық **өнімге** осы ставка бойынша есептеледі. Мысалы, өнімді дайындауға 18 сағат негізгі еңбек жұмсалса, онда өнімге 36 ш.б. (18сағат×2ш.б.(еңбек-сағат) үстеме шығыстар жатқызылады.

Егер өндіріс бірнеше бөлімшелерді қамтитын болса, онда ЖҮШ-ң жеке бөліну ставкаларын қолдану мақсатқа сай.

Шығындарды есептеу арқылы өнімге баға белгіленеді.

Баға – тауар(қызмет)құнының ақшалай көрінісі.

Бағаға әсер ететін факторлар:

1. Өндірістік шығындар
2. Сұраныс
3. Тұрғындардың сатып алу қабілеттігі(ақша табысына байланысты)
4. Ақша өрісінің жағдайы (ақша көлемі, инфляция, ұлттық ақша бірліктері, валюталық бағамдардың қозғалысы және т.б)
5. Бәсеке
6. Бағаны мемлекеттік реттеу
7. Тауар сапасы
8. Тасымалдау көлемі
9. Сатушы мен сатып алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас
10. Жеткізу шарттары

Кез келген нарықта бір баға түрі бағалық элементтердің қалыптасу процесіне байланысты. Құрамдас элементтері бойынша тауар бірлігінің бағасы (Б) былай анықталады:

$$B = \Theta_k + \Pi + \text{ҚҚС} + C_y \quad (2)$$

Мұндағы, Θ_k -тауардың өзіндік құны;

Π -пайда;

C_y -делдалдық сауда үстемесі.

Егер фирма акциздік тауарды өткізетін болса ,онда тауар бағасы мынаған тең:

$$B = \Theta_K + \Pi + A + K_{KCS} + C_y \quad (3)$$

Мұндағы, А-акцизді салық.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>
4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.
5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
2. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Скляренко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
6. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire RG21 6XS

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>
4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.
5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>
6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Скляренко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Кәсіпорында өнім көлеміне тәуелді шығындар:

- А) Кезеңдік шығындар
- Ә) Ауыспалы шығындар
- Б) Айналым капиталы
- Г) Қарапайым шығындар
- Д) Ілеспелі шығындар

2. Кәсіпорында өзіндік құнының көлеміне әсер ететін факторлар:

- А) Әкімшілік шығындардың көлемі
- Ә) Коммерциялық шығындардың көлемі
- Б) Банк несиесінің пайыздық үстемесі
- Г) Маркетингтік зерттеулер көлемі
- Д) Өндіріс түрі, өндірістің күрделілігі

3 Кәсіпорында өнім өндіруге жұмсалған тікелей шығындарға қайсысы жатады?

- А) Машина және жабдықтар амортизациясы
- Ә) Жылытуға жұмсалған шығындар
- Б) Жарықтандыруға кететін шығындар
- Г) Шикізат шығындары
- Д) Жалгерлік ақы

4 Өнімнің өндірістік өзіндік құнына не кіреді?

- А) Еңбек ақы шығындары
- Ә) Ғылыми жұмыстарға жұмсалатын шығындар
- Б) Сот шығындары және арбитражды жиналымдар
- Г) Жұмсалымдар, пенялар, кемшіліктер
- Д) Арбитражды жиналымдар және пенялар

5 Өнімнің өзіндік құнының көрсеткіштеріне қайсысы жатады?

- А) Шығарылған өнімнің 1 тенгесіне кеткен шығын
- Ә) Қор қайтарымы
- Б) Қор сыйымдылығы
- Г) Еңбек сыйымдылығы
- Д) Еңбек өнімділік

6 Кәсіпорынның өзіндік құны 7000 тг. және рентабельдігі 20% болатын жаңа өнімді шығаруды жоспарлайды. Толық шығындар әдісімен жаңа өнімнің бағасын анықтауымыз керек. ҚҚС– 12 %

- А) 9500
- Ә) 8400
- Б) 10000

Г) 9240

Д) 7700

Дұрыс жауаптары:

1. ә)

2. д)

3. г)

4. а)

5. а)

6. г)